ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 мамыр №5165-23-00-2/1018 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «№3 облыстық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Ұланұлы Пернебек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «№3 облыстық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Ұланұлы Пернебек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Ұланұлы Пернебектен Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «№3 облыстық перинаталдық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2 849 (екі мың сегіз жүз қырық

тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, төленген мемлекеттік баж 86 (сексен алты) теңге өндірілсін.

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Ұланұлы Пернебектен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 23.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.06.2023, судья Чингиспаева К. С., 27.06.2023

5165-23-3-1/1107